



Қарқаралы

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

13 желтоқсан 2025 жыл Сенбі №49 (12 051)

<https://qarqaralygazeti.kz>

www.facebook.com/qarqaralygazeti/

[qarqaraly_gazeti](https://www.instagram.com/qarqaraly_gazeti)

karkaraly_too@mail.ru

Тарих

Азаттықтың арқасында...

Қалың қазақтың қабырғасындағы қайғы мен зар-шеменді шайып кеткен осы күн – 16 желтоқсан. «Тәуелсіздік – төу өтер жалғыз киім» деген сөз қазір ғой, құны жоқ. Өйткені бастапқыда көп айтылды. Орынды-орынсыз қолданылды дегендей. Оның да себебі бар. Қазақ тәуелсіздігі үшін үш ғасыр айқасты. Бодандықтың қамыты мойнын қиюға аз-ақ қалғанда азаттықтың таңы атып, аман қалған жұрт емес пе? Ендеше қазір азаттығы мен бейбітшілігінен артық ештеңе жоқ.

Жаһанға мәшһүр болса, Отанында ел болып, той жасап, көшеде алшаң басып жүрсе, ұлын ұяға, қызын қияға ұзатып салып жатса, әні мен күйін төбіреніп тыңдап ақ залдарда отырса, бүкіл әлемдік қауымдастық алдында Президенті мен басалқасы мұрты көкке шаншылып сөйлесе, ғаламдық қауымдастықтарға лебізін білдіріп, ұсыныс қыла алса, әншісі мен өнерпазы, спортшысы мен жеңімпазы өркениетті елдердің алып сахналары мен шаршы алаңдарында елді аузына қарата алса, біреуге жылу таратып, қамқорлық жасап жатса, тағысын тағы қаптаған мүмкіндіктер мен игіліктердің көбі осы АЗАТТЫҚТЫҢ арқасында бұйырып жатқан игіліктер. Тіпті ел ішінде біреу кәсібін дөңгелетіп байып, біреу оқу-білім жолында дамып өркендесе, біреудің әулеті көркейіп басы көбейсе, берекесі артса тағы да тәуелсіздік пен бейбітшіліктің арқасы. Ал қатарға қосыла алмай кері тарттың екен, ол өз басыңның кемшілігі мен ақылыңның аздығы шығар, елдік пен татулықтың кінәсі жоқ онда. Біреу ілгері, біреу кейін... өмір сүреді.

Үш жүз жылдық кеселдің зардаптары отыз жылда орнына келеді деу де ақылға сыя бермесі және бар. Елу жылда



ел жаңарады, бұйырса. Мұржамыз қисаймай, жүгіміз аумай сол уақытқа жетсек, бұйырса Әлихан Бөкейхан айтпақшы, алдымыз той. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деп Президент Тоқаев та айтқаны содан. Елу жыл елдігіміз бүтін тұрса, азаттықта туған ұрпақ алмасады. Өмір ыңғайымен билік басына солар келгенде, өмір көші де түзеледі. Оған сенім мол. Тәуелсіздік алғалы оқу-білім іздеп, өзін жетілдірумен келе жатқан ұрпақтың көзқарасы мен дүниетанымы мүлде бөлек. Олардың алды отыз-қырыққа келді. Бастапқыда бұлардың да көргені кеңестік тәрбиенің сарқыншағы. Енді осы буыннан туған балалардың алды жетіліп, өмір көшіне іліккенде... теңеліп кетеді деген ойдамыз. Өрине, оған да аман сақтап жеткізетін әуелі Алла десек, одан соң айналайын азаттықтың алтын шуағы. Еркін өскен елдің ұрпағы халықтар арасында қақысын алмай қоймайды. Қазір де соған жақындап қалды. Қазақ өзге елдер алдында тарихынан қалай ұялмайтын болса, қазір де солай. Осал ұлт емес. Қабілетсіз халық емес екенін баяғыда-ақ дәлелдеп келеді. Кезінде кеткен кемшіліктің бәрі – көш жүре түзеледі. Заман бүйтіп тұра бермейді. Мешеулік пен қараңғылықтан шыққан посткеңестік елдердің қай-қайсысы болсын бірден теңеліп кетпегенін көріп отырмаз. Бірақ, Құдайға шүкір, қазақ баласы ес жиып, етегін қымтап, болашаққа бет алып бара жатқан жоқ па?! Алласы қиған, ата-бабасы мен аға буын қалдырған азаттығы тұрсын де басында. Соны сезініп, кіршік түсірмей көздің қарашығындай сақтайтын саналы ұрпақтың тасы өрге домаласын деп тілейік! Ел аман, жұрт тыныш болсын!

Ерзат ЕРМАҒАМБЕТ

Құрметті аудан тұрғындары! Қадірлі жерлестер!

Баршаңызды 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мере-кесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл бабаларымыздың ғасырлар бойғы азаттық жолындағы ұлы күресін еске алып, еркіндіктің қадірін терең сезінетін күн. Тәуелсіздік – елдігіміздің тұғыры, мемлекетіміздің мызғымас тірегі, әрбір азамат үшін ерекше құндылық. Оны сақтау, нығайту және кейінгі ұрпаққа аман жеткізу – баршамыздың ортақ борышымыз.

Тәуелсіздік алғаннан бері еліміз талай сындарлы кезеңнен өтіп, әлем елдерімен терезесі теңесіп, бағыт-бағдары айқын мемлекет ретінде танылды. Бұл жетістік – халқымыздың ынтымақты ауызбірлігінің, табанды еңбегі мен ұлттық тұтастығының нәтижесінде келді. Бірлігіміз күшті, мүддеміз ортақ болғанда ғана, еліміздің келешегі жарқын екені сөзсіз.

Алда да ел игілігі жолында әлі де көптеген іргелі бас-тамалар бар. Кеңбайтақ Отанымыздың көк байрағы әрдайым көкте желбіреп, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Баршаңызға мықты денсаулық, жанұяларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге мол табыс тілейміз!

Тәуелсіз еліміз мәңгі жасай берсін, ардақты ағайын!

Саят МУСИН,
Қарқаралы ауданы әкімінің
міндетін атқарушы

Саят ОСПАНОВ,
Аудандық мәслихат төрағасы

Ауыл әйелдерінің форумы

Әйелдер – қоғамның қозғаушы күші

Ақмола облысының Ақкөл қаласында «Ауыл әйелі: Бірлік. Даму. Болашақ» деген атаумен ауыл әйелдерінің республикалық форумы өтті.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясы және Ақмола облысының әкімдігі ұйымдастырған іс-шараға Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшелері мен өңірлік хатшылары, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «Ауыл» ХДП мүшелері, әр облыстан барған делегаттар қатысты.

Республикалық форумда Ақмола облысы әкімінің орынбасары Досұлан Ерланұлы Айтбаев, Мәжіліс депутаттары Ерболат Байзақұлы Саурықов пен Қарақат Жақсылыққызы Әбден, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық



комиссия төрағасының орынбасары, ҚР Президенті Іс басқармасы жанындағы Парламентаризм институты директорының орынбасары Ләззат Жа-

ңылысқызы Сүлеймен, «Ауыл» ХДП төрағасының орынбасары Қуаныш Қабыкенұлы Сейітжанов, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткерлері Қанат жә-

не Светлана Айтбаевтар сөз сөйлеп, форумға қатысушыларға ізгі ниеттерін жолдады.

Әйелдер уақыт өткен сайын елдің

экономикалық, әлеуметтік өміріне белсене араласып, қоғамның қозғаушы күшіне айналып келеді. Сондықтан, өңіміз болып отырған іс-шара барысында «Ауылдық жерлердегі әйелдердің әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту: өңірлік даму стратегиясының негізі» тақырыбында мәселелер көтеріліп, форумға қатысушылар пікір алмасты.

Аталған форумға Қарқаралы ауданынан ұлағатты ұстаз, көп балалы ана Арайлым Қыстаубаева қатысты. Өскелең ұрпаққа білім берумен қатар А.Қыстаубаева ұлттық киім тігіп, жүннен тақия, аяқ киімдер және басқа да бұйымдар жасайтын шебер жан. Ол таяуда Қарағандыда өткен «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында бренд-амбассадор (бренд елшісі) атанып, қайтарымсыз 5 миллион теңге грандқа ие болған еді.

Ата-бабаларымыз, асыл аналарымыз ғасырлар бойы қалыптастырған бірегей қолөнер заманауи талаптарға сай жаңғырып, қолданысқа енуіне осы Арайлым сияқты шеберлердің қосып жүрген еңбегі өлшеусіз.

Меруерт БАЛКЕЕВА



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Қарқаралы

Индекс	Санаттар	Жазылу бағасы
65626	Жеке жазылушылар үшін	6 ай – 3485.76 тг 12 ай – 6971.52 тг
55626	Зейнеткерлер үшін	6 ай – 3065.76 тг 12 ай – 6131.52 тг
15626	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай – 4385.76 тг 12 ай – 8771.52 тг

БАСПАСӨЗ – 2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қарқаралы аудандық «Қарқаралы» газетіне 2026 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ 87755483523 whatsapp бойынша ресімдеуге болады.

Анықтама телефоны: 8-775-548-3523

Бағалы бастама

Қарқаралы ауданына қарасты Томар аулының азаматтары «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында игі бастаманы қолға алды.

Келмеске кеткен кеңес билігінің осы кеңістіктегі жұртқа жасаған үлкен игілігі адамдарды жаппай сауаттандыру болса, сол тұста қазақтар ең көп оқитын халықтардың қатарына қосылып өді. Әйткенмен, тоқсаныншы жылдар әкелген экономикалық-әлеуметтік тоқыраумен бірге елдің санасы да тоқырап, жұрт кітап оқудан алшақтап кетті. Оның үстіне, электрондық ақпарат құралдары өмірге енгеннен бері ел тұрғындары дәстүрлі медианың өзінен барған сайын алшақтауда. Бүгінгі қоғамға тән осы олқылықтың есесін толтыру мақсатымен әңгіме болып отырған ауылдағы №22 орта мектепті 1990 жылы бітірген түлектер бас қосып, білім ұясының оқушылары арасында «Үздік оқырман» сайысын ұйымдастырды. «Бұл – бір рет қана өткізілетін акция емес, бес жыл қатарынан жалғасатын интеллектуалдық жарыс – ақыл-ой сайысы», – дейді олар. Ұйымдастырушылардың айтуынша, осы уақыт аралығында ауылда отаншыл, туған жерін түлетуге құштар, білімді де жасампаз жастар қатары қалыптаспақ. «Артық білім – кітапта, талап қыл артық білуге» деп дала данышпаны Абай тегін айтпаған болар.

Томарлық азаматтардың тамаша іс-шарасы көпшілікке үлгі болуға әбден лайықты. Бұл әсіресе, телефонға келіміріп, уақыт өткен сайын шынайы көркем әдебиеттен, ұлттық рухтан алыстап

Телефон тоздырады, кітап оздырады



бара жатқан өскелең ұрпақ үшін өте пайдалы болатыны дау туғызбайды. Бағалы бастаманы өңірдің өзге ауылдары

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

Қарқаралы ауданы бойынша ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі 2025 жылғы 08 желтоқсанда өткен конкурс жеңімпаздарының тізімі

Р/с, №	Жер учаскесінің лот №	Жер учаскесінің сипаттамасы (топырақ түрі, алқаптардың құрамы, балл бонитеті)	Жалпы алаңы, га	Жалға алу мерзімі, жыл	Конкурс­тық жеңімпаздың атауы, аты- жөні	Жеңімпазды анықтауға негіз болған шарттар
1	2	3	4	5	6	7
1	Жаңатоған а/о Лот №26	Қою қызыл топырақтар	498,5553	10	Бейсенбеков Азат Куралович	25+10=35 балл
2	Жаңатоған а/о Лот №33	Қою қызыл топырақтар	1064,8360	10	Сыздыков Мейрхан Орынбайұлы	25 балл + 10 балл (комиссияның дауысы)
3	Жаңатоған а/о Лот №34	Қою қызыл топырақтар	1000,5835	10	Кожекин Ермек Ахметханович	43+10 балл (комиссияның дауысы)
4	Тегісшілдік а/о Лот №24	Қою қызыл топырақтар	285,4568	10	Сағымбек Азамат Қайратұлы	25+10 балл
5	Қайнарбұлақ а/о лот 32	Қою қызыл топырақтар	543,5315	10	Джакыпханов Бауыржан Турарович	40+10 балл
6	М. Мамыраев а/о лот 36	Қою қызыл топырақтар	423,2730	10	Тусупбеков Мырзан Тлеубекович	35+10 балл (комиссияның дауысы)
7	М. Мамыраев а/о лот 38	Қою қызыл топырақтар	97,4332	10	Ахметов Дулат Шайхатович	20+10 балл
8	М. Мамыраев а/о лот 39	Қою қызыл топырақтар	99,8002	10	Омаров Ардак Харифоллаевич	20+10 балл
9	М. Мамыраев а/о лот 40	Қою қызыл топырақтар	538,3632	10	Жумабеков Рустем Серикович	43+10 балл
10	Қоянды а/о лот 41	Қою қызыл топырақтар	499,5892	10	Ахмедиев Дархан Кайыпович	33+10 балл (комиссияның дауысы)
11	Қоянды а/о лот 42	Қою қызыл топырақтар	998,8472	10	Ахмедиев Кымбат Кайыпович	33+10 балл (комиссияның дауысы)
12	Қаракөл а/о лот 43	Қою қызыл топырақтар	300,4659	10	Искаков Айболат Бекболатович	30+10 балл
13	Қаракөл а/о лот 45	Қою қызыл топырақтар	166,3232	10	Оспанова Умит Кумисбековна	31+10 балл

Список победителей проведенного конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения сельскохозяйственного производства по Каркаралинскому району от 08 декабря 2025 года

П/п, №	Лот № земельного участка	Характеристика земельного участка (вид почв, состав угодий, бонитет баллов)	Общая площадь, га	Срок аренды, лет	Ф. И. О. победителя конкурса	Условия, послужившие основанием для определения победы
1	2	3	4	5	6	7
1	Жанатоганский с/о, лот №26	Темно-красные почвы	498,5553	10	Бейсенбеков Азат Куралович	25+10=35 балл
2	Жанатоганский с/о,лот №33	Темно-красные почвы	1064,8360	10	Сыздыков Мейрхан Орынбайұлы	25 балл + 10 балл (комиссияның дауысы)
3	Жанатоганский с/о, лот №34	Темно-красные почвы	1000,5835	10	Кожекин Ермек Ахметханович	43+10 балл (комиссияның дауысы)
4	Тегисшилдикский с/о, лот №24	Темно-красные почвы	285,4568	10	Сағымбек Азамат Қайратұлы	25+10 балл
5	Кайнарбулакский с/о, лот 32	Темно-красные почвы	543,5315	10	Джакыпханов Бауыржан Турарович	40+10 балл
6	М. Мамыраевский с/о, лот 36	Темно-красные почвы	423,2730	10	Тусупбеков Мырзан Тлеубекович	35+10 балл (комиссияның дауысы)
7	М. Мамыраевский с/о, лот 38	Темно-красные почвы	97,4332	10	Ахметов Дулат Шайхатович	20+10 балл
8	М. Мамыраевский с/о, лот 39	Темно-красные почвы	99,8002	10	Омаров Ардак Харифоллаевич	20+10 балл
9	М. Мамыраевский с/о, лот 40	Темно-красные почвы	538,3632	10	Жумабеков Рустем Серикович	43+10 балл
10	Кояндинский с/о, лот 41	Темно-красные почвы	499,5892	10	Ахмедиев Дархан Кайыпович	33+10 балл (комиссияның дауысы)
11	Кояндинский с/о лот 42	Темно-красные почвы	998,8472	10	Ахмедиев Кымбат Кайыпович	33+10 балл (комиссияның дауысы)
12	Каракольский а/о лот 43	Темно-красные почвы	300,4659	10	Искаков Айболат Бекболатович	30+10 балл
13	Каракольский а/о лот 45	Темно-красные почвы	166,3232	10	Оспанова Умит Кумисбековна	31+10 балл

Білім

Қарағанды облысында педагог мәртебесін арттыруға бағытталған «Жыл мұғалімі – 2025» өңірлік байқауы өз мәресіне жетті. Жыл сайын ұйымдастырылатын бұл байқау ұстаздардың кәсіби шеберлігін шыңдап, білім саласындағы жаңа әдіс-тәсілдерді насихаттауды мақсат өтеді. Биыл 33 үміткердің арасынан суырылып шыққан тоғыз педагог ақтық сынға жолдама алып, шеберліктерін ортаға салды.

Аймақта жылдың үздік мұғалімі анықталды



Финалистерді құттықтаған облыстық білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев байқаудың маңыздылығын атап өтті.

– Бұл конкурс жай ғана сайыс емес, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамыту мен мәртебесін көтеруге арналған маңызды алаң. Бүгінгі міндетіміз – ұрпақты адалдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу. Осы игі миссияны абыроймен атқарып жүргендеріңіз үшін алғыс білдіремін, – деді ол.

Іріктеу кезеңдерінде педагогтер сабақ беру барысындағы тәжірибесін, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудағы шеберлігін көрсетті. Ақтық кезең үш бөлімнен тұрды: «Визит карточкасы», «Ашық микрофон» және «Мұғалімнің жексенбісі». Соңғы кезеңде қатысушылар өз шығармашылығын жан-жақты танытуға мүмкіндік алды. Биылғы байқаудың гран-при жүлдесі Осакаров ауданы Ө. Бөкейхан атындағы тірек мектебінің жас тарих пәні мұғалімі Дәулеткерей Өнерханға бұйырды. Өзінің айтуынша, жеңіске оның шынайылығы мен мамандығына деген сүйіспеншілігі себеп болған.

– Мұғалім үшін ең маңыздысы – мейірім, шынайылық және адалдық. Мен оқушыларыма осыны үйретемін. «Ашық микрофон» кезеңінде үш минут ішінде ойды жинақтап, нақты жауап беру қажет болды. Үй тапсырмасы да күрделі болды, онда мен өзімнің шынайы демалыс күнімді көрсетті, – деді ол.

Бірінші орынға №2 арнайы мектеп-интернатының музыка пәнінің мұғалімі, дефектолог Медет Мауиянов лайық деп танылды. Екінші орынды Шәкәрім атындағы гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Әсем Қали-

асқарова, үшінші орынды Балқаш қаласының №12 мектеп мұғалімі, химик Қанат Мақажанов иеленді.

Сонымен қатар жекелеген номинация иегерлері анықталды:

* «Үздік сабақ» – Әсия Давлатова (Бұқар жырау ауданы, Киров мектебі);

* «Үздік сыныптан тыс іс-шара» – Айдар Мұрат («Мұрагер» мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты);

* «Үздік үй тапсырмасы» – Гүлзада Сүлейменова (Саран қаласы, Абай атындағы мектеп).

Көрермендер кезайымы жүлдесін Приозерск қаласының №2 мектеп мұғалімі Ольга Кузнецова жеңіп алды. Байқау барысында Рамазан Төребеков атындағы арнайы грант та табысталды.

Бұл марапат Қарқаралы ауданы М.Бәпиұлы атындағы №44 мектептің тәжірибелі математика пәні мұғалімі Жазира Адамбаеваға берілді. 26 жылдық педагогикалық өтілі бар ұстаздың 24 жылы – өзі білім алған мектеппен байланысты.

– Ең бастысы – мамандықты сүйе. Үнемі ізденісте болып, балалардың қызығушылығына сай жаңа тәсілдер қолдануға тырысамын. Қазіргі оқушылар өте алғыр, сондықтан сабақтың әр минутына мән беру керек. Балаларды қызықтыра білсең, білімге құштарлық өзі-ақ артады, – Жазира Адамбаева.

Өңір ұстаздарының шығармашылығын, кәсіби деңгейін және жаңашылдығын танытқан байқау биыл да жоғары ұйымдастырылған күйде өтіп, жас педагогтерге шабыт сыйлады.

«Қарқаралы ауданының білім беру бөлімі» ММ

Қарқаралы аудандық мәслихатының ШЕШІМІ

Қарқаралы қаласы 2025 жылғы 28 қарашадағы № VIII-42/327

Қарқаралы ауданында оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 726-бабына сәйкес, Қарқаралы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарқаралы ауданы бойынша оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданған кезде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке

табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезең үшін алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4%-дан 2%-ға дейін төмендетілісін.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

С.ОСПАНОВ,
Қарқаралы аудандық мәслихатының төрағасы

РЕШЕНИЕ Каркаралинского районного маслихата № VIII-42/327 от 2025 года 28 ноября город Какаралинск

О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации в Каркаралинском районе

В соответствии со статьей 726 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) от 18 июля 2025 года, Каркаралинский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Понизить размер ставки корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима на основе уп-

рощенной декларации в Каркаралинском районе с 4% на 2% по доходам, полученным (подлежащим получению) за налоговый период.

2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года и подлежит официальному опубликованию.

С.ОСПАНОВ,
председатель Каркаралинского районного маслихата

Қоғам

Жемқорлықтың алдын алу – басты назарда

Сыбайлас жемқорлық қоғамның даму жолына және еліміздің имиджіне өте теріс әсер ететін басты проблемалардың бірі болып қала береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – жаһандық маңызы бар және қызметтің басым бағыты ретінде айқындалған саяси-құқықтық міндеттердің бірі. Қазіргі уақытта билік тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты мәселелерге ерекше назар аударылуда.

Сыбайлас жемқорлықтың көріністері қоғамға елеулі зиян келтіреді, мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін төмендетеді, олардың беделіне нұқсан келтіреді және халықтың әлеуметтік бытыраңқылық деңгейін арттыруға ықпал етеді. Сыбайлас жемқорлықты жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру және нығайту құ-



ралы ретінде пайдалануды болдырмау, сондай-ақ нарықтық қатынастарға әлеуметтік қолдау жасау қажет. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністерінен бас тарту – инспекциямыз жүзеге асыратын жұмыстың тиімділігін қамтамасыз етудің ажырамас бөлігі.

Инспекцияда мемлекеттік көрсетілетін қызмет, мемлекеттік бақылау және қадағалау, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау сияқты өкілеттілік берілген функцияларды орындау тек қана тиісті заңнамалар шеңберінде, ашықтық пен жариялылық, қолже-

тімділік пен тиімділік жағдайында іске асырылуы үнемі назарда ұсталады. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаларының талаптары әрдайым басшылыққа алынады. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық оқу, семинар-кеңестер өткізіледі және мемлекеттік қызметкерлерге нақты нұсқаулықтар беріледі. Қызмет алушылар үшін ақпараттық-түсіндірмелік тақталар орнатылып, лауазымдық тұлғалардың заңнан тыс әрекеттеріне берілетін арыз-шағымдар үшін арнайы жәшік ілінген. Инспекцияның сенім телефоны 31-5-41 облыстық, қалалық газеттерде жарияланып келеді.

«ҚР АШМ АӨК МИК Қарқаралы аудандық аумақтық инспекциясы» ММ

ЕСКЕ АЛУ

«Замандастар» халықтық ардагерлер хор ұжымы қадірлі ағамыз **Темірхан Кенжебайұлының** дүниеден озғанына қырық күн толуына орай оның жарқын бейнесін құрметпен еске алады. Темірхан Кенжебайұлы – әрдайым ақыл-парасатымен бағыт көрсетіп, болмысымен үлгі болған, қарапайымдылығы мен адамгершілігі өзара үйлескен абзал жан еді. Өмір жолында айналасына мейірім шуағын төгіп, жақсылығын аямайтын, ел құрметіне бөленген азаматтың орны біз үшін әрқашан ерекше. Ұжымымыз асыл ағамыздың нұрлы жүзі мен жайдары мінезін, өнерге және қоғам өміріне деген жанашырлық ниетін ұмытпай, үлкен сағынышпен еске алады. Оның артында қалған ізгі ісі мен өнегесі жүрегімізде мәңгі сақталады. Марқұмның жаны жәннатта, топырағы торқа, барар жері нұрлы болсын. Отбасына және туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз.

Құрметпен: **«Замандастар» халықтық ардагерлер хор ұжымы**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Қазақстан)» ЖШС экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес «бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағында Сарыжал кен орындарын кешенді экологиялық және радиациялық тексеруді» орындау туралы есеп бойынша қоғамдық талқылау әдісімен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық талқылаулар 30.12.2025 ж. бастап <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында өтеді. Жоба материалдары Ұлттық банктің порталында 20 жұмыс күннің ішінде қолжетімді болады. Мүдделі жұртшылықты қоғамдық талқылауларға қатысуды сұраймыз. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Қазақстан)» ЖШС, БСН 190540016328. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Курчатов қаласы, Курчатов көшесі, 18/1, «Ядролық технологиялар паркі» әкімшілік-өндірістік кешен ғи-

мараты, 118 кабинет. Тел.+7 775 233 77 66. E-mail: info@agq.kz. Жобалық құжаттаманы әзірлеуші – «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, БСН: 920540000504. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би атындағы аудан, Лобода көшесі, 40-құрылыс. тел. / факс: 8 (7212) 42-56-17. Қосымша ақпарат алуға болатын телефонның электрондық мекенжайы және нөмірі: info@ecoexpert.kz; 8 (7212) 42-56-17. Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкіне сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/>. Жергілікті атқарушы орган – Қарағанды облысы бойынша Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы. E-mail: pr.resurs@krg.gov.kz, пошталық мекенжайы - Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20 құрылыс. Тел.+7 7122 56 41 27.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Казахстан)» в соответствии с требованиями Экологического законодательства объявляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (Национальный банк) по Отчёту о выполнении комплексного экологического и радиационного обследования месторождения Сарыжал, расположенного на территории бывшего Семипалатинского испытательного ядерного полигона». Публичные обсуждения будут проходить на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> с 30.12.2025 года. Проектные материалы будут доступны в течении 20 рабочих дней на портале Национального банка. Заинтересованную общественность просим принять участие в публичных обсуждениях. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Altyn Group Qazaqstan (Алтын Групп Казахстан)», БИН 190540016328. Адрес: Республика Казахстан, го-

род Курчатов, ул. Курчатова, 18/1, здание КАПН «Парк ядерных технологий», кабинет 118. Тел. +7 775 233 77 66. E-mail: info@agq.kz. Разработчик проектной документации – ТОО «ЭКО-ЭКСПЕРТ», БИН: 920540000504. Юридический адрес: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Караганда, район имени Казыбек Би, улица Лободы, строение 40, 8 (7212) 42-56-17. Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: info@ecoexpert.kz; 8 (7212) 42-56-17. Ссылка на Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов: <https://ndbecology.gov.kz/>. Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области». E-mail: pr.resurs@krg.gov.kz. Почтовый адрес – Республика Казахстан, Карагандинская область, город Караганда, ул. Лободы, 20. Тел.+7 7122 56 41 27.

Ұлттық ойын

Тәуелсіздік күні қарсаңында Нүркен ауылында ұлттық спорттың қадірін арттыруға бағытталған ерекше шара – ашық асық ату турнирі өтті. Дәстүр мен спорттың жаңа серпінін көрсеткен додаға еліміздің бірнеше өңірінен жиналған 14 команда қатысып, өзара мықтыны анықтады. Павлодар, Жамбыл, Ақмола, Қарағанды және Ұлытау облыстарынан келген спортшылар Нүркендегі тартысты ойынның көркін қыздырды.

Дәстүр жалғасып, шеберлік шыңдалған күн



Шараның басты мақсаты – ұлттық ойындарды кеңінен дәріптеу, жас ұрпаққа таныту және бағыдан келе жатқан дәстүрді жаңғырту. Жарыс аса тартысты өтіп, көрермендерге қызықты сәттер сыйлады. Нәтижесінде Павлодар облысы Екібастұз қаласының командасы бірінші орынды жеңіп алса, Шет ауданы Ақжал кентінің спортшылары екінші орыннан көрінді. Үшінші орын Теміртау командасына бұйырды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ақшалай сыйлықтар, кубоктар және арнайы төсбелгілер табысталды. Турнирді ұйымдастыруда Нүркен ауылының жастары мен Қарқаралы аудандық спорт бөлімі белсенділік танытып, жарыстың жоғары деңгейде өтуіне атсалысты. Ақжал кентінен келген команда туралы «NOVA-Цинк» кәсіподағының төрағасы Тілеу Сармантаев ерекше тоқталды. Оның айтуынша, Ақжалда асық ату спортымен жүйелі түрде айналысу небәрі үш ай бұрын қолға алынған. Осы қысқа мерзім ішінде жергілікті спортшылар біріктіріліп, ішкі іріктеу жүргізіліп, арнайы «Ақжал» командасы жасақталған. Команданың алғашқы сынақтарының бірі – «QAZAQMETAL KASIPODAGY» өнеркәсіп кәсіподағы ұйымдастырған спартакиада болды. Бұл жарыста жүлдеге қол жеткізу мүмкін болмаған. Сондай-ақ өткен айда Қазақстан Республикасының спорт шебері, спорт ардагері Каппас Би-

жановтың 65 жылдығына арналған республикалық ашық турнирде де команда медаль ала алмады. Алайда осы екі додадағы тәжірибе командаға тың серпін бергендей. Құрам қайта қаралып, ауылдың жас спортшыларымен толықтырылды. Жаңартылған команда Нүркен ауылындағы турнирге жан-жақты дайындалып, қызу тартыстың нәтижесінде финалға дейін жетті. Шешуші ойында тәжірибелі Екібастұз командасына жол беріп, Ақжал спортшылары лайықты екінші орынды иеленді. – Қарсыластар өте жақсы дайындалған. Ойын жоғары деңгейде өтті. Біз финалға дейін жетіп, тек соңғы шешуші кезеңде есе жіберіп алдық, – деді Тілеу Сармантаев. Бүгінде Ақжал командасы келесі жарысқа тыңғылықты дайындық үстінде. Алдағы сын Бұқар жырау ауданының Қызылжар ауылында өтеді деп жоспарлануда. Ұлттық спортты дамыту бағытындағы бастамалар Ақжалда да, Нүркен ауылында да жалғасып келеді. Жастар үшін асық ату бойынша тегін секциялар ашылып, мектеп оқушылары арасында тұрақты түрде жарыстар ұйымдастырылуда. Бұл – дәстүріміздің жалғаса берерінің, ұлттық ойынның жаңа буынға жол тартқандығының айқын көрінісі.

Өз тілшімізден

Дойбы

Облыстың үздік дойбышысы – Қарқаралыдан



Үшінші рейх дүниеге әкелген герман фашизміне қарсы II дүниежүзілік соғыстағы жеңістің 80 жылдығына орай Қарағанды қаласында дойбы ойынынан аймақ ардагерлерінің сайысы өтті.

Жарысқа облыстың барлық қалалары мен аудандарынан дүбірлі дойбы жарысында жеңімпаз болудан үмітті ардагерлер қатысты. Әңгіме болып отырған жарысқа Қарқаралы ауданының намысын қорғау үшін Нуарбек Көрімбекұлы Ілдебаев қатысқан еді. Ол сайыстың барысында

қарсыластырының бәрін тізе бүктіріп, бірінші орынға ие болды. Аймақ ардагерлері арасында топ жарған Нуарбек Көрімбекұлы ардагерлердің облыстық ұйымы төрағасының қолынан мадақтама мен бағалы сыйлық алып, үлкен мәртебеге бөленді.

Өз тілшімізден

САПАЛЫ ПЛАСТИК
ТЕРЕЗЕЛЕР
ҚАРАҒАНДЫ БАҒАСЫМЕН!

- Кепілдік
- Сервис
- Жеткізу

Мекен-жайымыз:
Қарағанды қаласы,
Бұқар-Жырау
даңғылы 119,
2 этаж, кабинет 5

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ
8 747 216 09 09

Азаматша ОРМАНБЕТОВА РАЙХАН КАПАНОВНА 19.06.2025 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М. Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

ПРЕДЛАГАЕМ УСЛУГИ:

- КРОВЕЛЬНЫЕ И ОБЛИЦОВочНЫЕ РАБОТЫ
- УСТАНОВКА ЗАБОРОВ/ВОРОТ
- ВОДОСТОЧНАЯ СИСТЕМА
- ИЗГОТОВЛЕНИЕ НА ЗАКАЗ КОВАННЫХ ВОРОТ
- ПРОДАЖА МЕТАЛЛОЧЕРЕПИЦЫ, ПРОФИЛИСТА И МЕТАЛЛОСАДИЛНИГА
- КОВАННЫЕ ИЗДЕЛИЯ
- ОТКАТНЫЕ ВОРОТА

ОПТОВЫЕ ЦЕНЫ НА ВСЕ МАТЕРИАЛЫ

8 708 755 26 53

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Қызылту ауылына қарасты № 13 негізгі мектеп ұжымы осы мектептің кіші-қамту қызметкері Жақанбаева Нұргүлге әкесі **Уалихан ЖАҚАНБАЕВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

Мәдениет және өнер

Шахтер қыз Ақерке Өскембекова музыкалық шоу жеңімпазы атанды

Қарқаралы ауданының Абыз көнішінде геологиялық инженер қызметін атқарып жүрген Ақерке Өскембекова – қайсар мінезі, төзімі және музыкаға деген шексіз махаббаты арқылы нағыз өрлік үлгісін көрсеткен жас азамат. Тау-көн саласының ауыр жұмысына қарамастан, ол өнерден қол үзбей, өз дарынын дәлелдеп, республикалық аренада үлкен жеңіске жетті.

«Кеш емес» музыкалық шоуы – арманына ұмтылуға ешқашан кеш емес екенін көрсететін бірегей жоба. Бұл жолда Ақерке ханым өзінің кәсіби жұмысы мен өнерін үйлестіре білетінін көрсетті. Шоу қорытындысы бойынша Қарабұлақ ауылынан шыққан нәзік жан – Ақерке Өскембекова бас жүлде иеленіп, 3 миллион теңге сертификатқа ие болды. Жеңімпазды жариялаған Республикалық «JIBEK_JOLY» телеарнасының ұйымдастыруындағы шараға танымал әнші Тамара Асар қатысып, қуанышты сәтті сахнада баршаға ортақ етті. Ақерке Өскембекова тек өнер саласында ғана емес, ұлттық спорт – қазақ күресімен айналысып, әріптестерімен бірге ән айтып, ортаның рухын көтеретін жанашыр әріптес те. Ол өзінің еңбекқорлығы мен өнерге деген адалдығын үйлестіре білген нағыз үлгілі жан. «Адам – өз өмірінің суретшісі», – дейді Ақерке. Расында да, өміріміздің мәнділігі



мен сұлулығы – өзіміздің қолымызда. Нағыз бақытқа жету үшін сарқылмас төзім, қайтпас қайсарлық және жасымас жігер қажет. Ақерке ханымның өмір жолы осы қасиеттердің көрінісі болып, жас ұрпаққа үлгі болуға лайық. Қарапайым кеншілер ауылынан шыққан жас таланттың жетістігі – еңбек пен арманның үйлесімі, қайсарлық пен шығармашылықтың тоғысуының ай-

қын мысалы. Ақерке Өскембекова өз өмірімен дәлелдегендей, арманыңа жетуге ешқашан кеш емес, және әр адам өз тағдырын өз қолымен құра алады. Бұл жеңіс тек жеке табыс ғана емес, ауданның да мақтанышы. Жерлестеріміздің әрбір жетістігі – қоғамымыз үшін рухани азық, жастарға деген шабыт көзі.

Меруерт БАЛКЕЕВА

Білім

Қарқаралының оқушылары облыстық олимпиадада дара шықты



Қарқаралы ауданы үшін қуанышты жаңалық – ауыл мектептерінің білімге құштар ұл-қыздары облыстық пәндік олимпиадада жоғары жетістікке қол жеткізді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсімі салтанатты түрде ұйымдастырылып, еңбегі еленген оқушылар қошеметке бөленді.

Биылғы білім сайысында Қарқаралы ауданы бойынша 28 оқушы әртүрлі пәндер бойынша үздік атанып, жүлдегерлер

қатарынан көрінді.

Олардың әрқайсысы – өз мектебінің, ұстаздарының, ең бастысы, ауданның мәртебесін көтерген лайықты өрендер. Білім бәсекесінде оқушылардың жеке жетістіктерімен қатар аудандық команда да жоғары нәтиже көрсетті. Қарқаралы ауданы жалпыкомандалық есепте ІІІ орынға ие болып, үздіктер қатарынан

табылды. Бұл – аудандағы білім сапасының, талапты жастар мен жанкешті ұстаздардың еңбегінің айқын дәлелі. Жүлдегер атанған оқушыларды және оларды білім биігіне жетелеген ұстаздарын шын жүректен құттықтаймыз! Жеңісті күндеріңіз көбейіп, алған асыларыңыз тек биік болғай.

Меруерт БАЛКЕЕВА

Спорт

Азаттыққа арналған аудандық жарыс

Қарқаралы ауданы Балқантау ауылдық округіне қарасты Қарабұлақ ауылында Тәуелсіздік күніне орай жасөспірім қыздар арасында волейболдан Қарағанды облысына іріктеу кезеңі ұйымдастырылды.

2011-2012 жылдары туған және одан кіші спортшы қыздарға арналған бұл сайыс – ауыл жастарының спортқа деген ықыласын арттырып, командалық бірлікті нығайтқан маңызды шара болды. Өңірдің әр түкпірінен жиналған 8 команда жарыс алаңында өз шеберліктерін



көрсетіп, жанкүйерлерге тартысты ойындар сыйлады. Әр матч жарыс рухын арттырып, жас ойыншылардың жігері мен батылдығын айқын көрсетті. Жарыс нәтижесінде жүлделі орындар төмендегідей бөлінді. ІІІ орын – Егіндібұлақ ауылының командасы, ІІ орын – Қарағайлы кентінің командасы, І орын – Балқантау ауылдық округінің командасы. Жеңімпаздар өз ауылдарының абыройын асқақтатып, үлкен додада бақ сынауға мүмкіндік алды. Спортшы қыздардың алаңдағы ұйымшылдығы, жеңіске деген жігері мен тәртіпті ойыны көпшілікке үлгі болды. Әр команда ойын барысында

жинаған тәжірибесімен бөлісіп, алдағы жарыстарға тың серпін алды. Бұл жарыс тек спорттық бәсеке емес, ауыл жастарының салауатты өмір салтын ұстануына жолашатын, волейболға деген қызығушылығын оятатын әсерлі шара болды. Балқантау өңірінде спорттың дамуына үлес қосқан жаттықтырушылар мен ұйымдастырушылардың еңбегі де ерекше аталды. Жас буынның дені сау, белсенді болып өсуіне бағытталған мұндай бастамалар аудан жастарының спорттағы жаңа жетістіктеріне жол аша беретіні сөзсіз.

Өз тілшімізден

Заң мен тәртіп

Қарқаралы ауданының прокуроры Асылхан Өділхановтың төрағалығымен өткен ведомствоаралық кеңес құқықбұзушылықтың алдын алу және қылмыстың өсуіне жол бермеу мәселелеріне арналды. «Заң мен тәртіп» идеологиясын нығайтуға бағытталған бұл жиын – аудандағы қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыру жолында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстың бір бөлігі.

Қарқаралыда құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері талқыланды

Кеңеске аудан әкімдігінің өкілдері, құқық қорғау құрылымдары, білім беру мекемелері мен ауыл шаруашылығы колледжінің басшылары қатысты.

Әртүрлі сала мамандарының басын қосқан бұл алқалы жиында аудан аумағындағы қылмыс ахуалы жан-жақты талқыланып, нақты деректер мен талдау нәтижелері ұсынылды.

Прокурор Асылхан Өділханов өз сөзінде құқықбұзушылықтың әрбір фактісі – тек статистикалық көрсеткіш емес, елдің тыныштығы мен тұрғындардың қауіпсіздігіне төнетін нақты қатер екенін атап өтті. Оның айтуынша, профилактикалық жұмыстарды күшейту, тұрғындармен кері байланысты арттыру және құқық қорғау органдарының ашықтығын қамтамасыз ету – қылмыстың алдын алуда шешуші рөл атқарады.

Жиында ауданда тіркелген бірқатар құқықбұзушылық түрлерінің өсу себептері сараланып, олардың әлеуметтік және ұйымдастырушылық астарлары талданды. Мәселен, жекелеген учаскелерде профилактикалық іс-шаралардың жеткіліксіздігі, қадағалаушы органдар арасындағы үйлестірудің әлсіреуі, жасөспірімдермен жұмыс жүргізудегі олқылықтар сөз болды. Білім беру мекемелерінің басшылары оқушылар арасында құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған жұмыстардың тиімділігін, аналармен өзара байланыс мәселелерін ортаға салды.

Ауыл шаруашылығы колледжі өкілдері жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастырудың маңызын атап, жатақхана тәртібі, студенттер арасындағы түсіндіру жұмыстарын күшейту жөнінде ұсыныстар жасады. Құқық қорғау органдары болса, қоғамдық орындардағы бақылау шараларын жаңарту, түнгі рейдтерді жиілету және құқықбұзушылықтар орын алуы мүмкін аумақтарды алдын ала зерделеу қажеттігін алға тартты.

Талқылау нәтижесінде ауданның құқықтық кеңістігін нығайтуға бағытталған нақты шаралар кешені әзірленді. Оның қатарында профилактикалық жұмыстарды жүйелеу, құқық қорғау құрылымдары мен білім беру ұйымдарының өзара әрекеттестігін күшейту, тұрғындармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жандандыру, сондай-ақ жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған жаңа жобаларды іске қосу бар. Кеңес соңында аудан прокуроры барлық органдардың ортақ міндеті – Қарқаралы тұрғындары үшін қауіпсіз, тұрақты әрі заңға бағынатын орта қалыптастыру екенін атап өтті. Қабылданған шаралар құқықбұзушылық санын азайтуға, құқықтық мәдениетті арттыруға және мемлекеттік құрылымдардың үйлесімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталмақ.

Баршын ЕРТІСКЫЗЫ

Қоғам

Пробация есебіндегі азаматтармен кездесу өтті

Қарқаралы ауданында әлеуметтік қолдау мен құқықтық бейімдеуді күшейту мақсатында маңызды кездесу ұйымдастырылды. Аудан әкімдігінің жанындағы қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеп жатқан адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті үйлестіру бойынша құрылған консультативтік-кеңесші органның кеңейтілген отырысы өтті.

Жиынға аудандық прокуратура өкілдері, комиссия мүшелері, қала, кент және ауылдық округ әкімдері қатысты.

Басқосуда пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету мәселесі кеңінен қаралды. Талқылау барысында олардың қоғамға бейімделу жолдары, тұрмыстық жағдайын жақсарту, еңбекке араласуына жәрдемдесу тетіктері және шешімін күткен әлеуметтік мәселелер сөз болды. Комиссия мүшелері пробация есебіндегі азаматтардың әрқайсысын жеке бағыт бойынша қолдау қажеттігін атап өтіп, нақты тапсырмалар жүктеді.

Әлеуметтік бейімдеу мен оңалту шараларын күшейту, жергілікті атқарушы органдар мен пробация қызметінің өзара іс-қимылын нығайту маңызды міндет ретінде белгіленді.

Өз тілшімізден

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы»
ЖШС Директоры –
Бас редактор
Құрманғазы ӨТЕБАЙ

100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бекейханов к., 40 үй
Бас редактор – 31-3-50 (факс)
Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23
Бухгалтерия – 31-4-56
E-mail: karkaraly_too@mail.ru
Біздің есепшотымыз:
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы,
ИИК KZ326010191000161842,
БИК HSBKZKX БИН 990940002210

Газет жергілікті
«Қарқаралы» газеті
редакциясы баспаханасында
теріліп, беттеліп,
Қарағанды қаласындағы
«Арко» ЖШС
(Сәтбаев к., 15)
баспаханасында басылды.

Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Құрылтайшысы: Жұмаханова Г.С.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 01.09.2001, 2280-Г
Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті"
республикалық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 9 қатарында № KZ23VPY00109516
қайта есепке қою куәлігімен тіркелген.

Автордың пікірі редакцияның
көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 2 баспа табақ,
Индекс 65626. Таралымы 2500. Тапсырыс 49